

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Зайсан көлдің балықтары» (дәстүрден тыс сурет салу)

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.08.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/124684/>

Оқу қызметінің түрі: Жаңа сабақ

Өзге оқу қызметімен байланыс: «Таным» білім беру саласы, «Жаратылыстану», «Таным» білім беру саласы, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Оқу қызметі: «Сурет салу»

Тақырыбы: «Зайсан көлдің балықтары» (дәстүрден тыс сурет салу)

Мақсаты:

Білімділік: Балаларды көлде тіршілік ететін балық түрлерімен (сазан, шортан, лещь, бекіре, алабұға) таныстыру. Балаларды дәстүрден тыс бастырма сурет салу әдісі арқылы балықтардың бейнесін салуды үйрету.

Дамытушылық: Ойын арқылы балалардың логикалық ойларын дамыту, су асты әлеміне қызығушылығын арттыру. Жаңа сөздер арқылы тілдерін дамыту.

Тәрбиелік: Табиғатты қорғауға, балықтарға жанашырлықпен қарауға, ұқыптылыққа, икемділікке, тазалыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Кіріспе, әңгіме, сұрақ-жауап, баспа әдісін қолданып сурет салу, түсіндіру, көрсету, үйрету, жеке баламен жұмыс, қортындылау, мадақтау.

Көрнекіліктер: компьютер, теледидар, слайд, аквариум, балықтар, картопқа ойылған балықтардың бейнесі

Қажетті құрал-жабдықтар: қатты қағаз, гуашь, қылқалам, су құйылған құты, картоп, мақта таяқшасы, шанышқы, қағаз майлықтар, сулы майлықтар.

Сөздік жұмыс: шортан, бекіре, сазан, аквариум

Билингвальды компонент: балық-рыба, алтын балық-золотая рыбка.

Әрекеттердің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Әрекеттердің кезеңдері
<p>Мотивациялық — қозғаушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p>	<p>Шаттық шеңбері Бақыт деген-осы шаттық шеңбері, Қол ұстасып тұрайықшы, кел бері. Бақыт деген-көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін адал жүрек сендегі</p> <p>Жақсы балалар, осындай жақсы көңіл күймен оқу қызметімізді бастайық. -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Аузы бар тілі жоқ, Терісі бар жүні жоқ. Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды. Ол не? -Балалар, көне барлығымыз экранға қарайықшы, не көріп тұрмыз? -Балықтар қайда өмір сүреді? -Балалар балықтардың түрлері өте көп екен. Олар теңіз астындағы балдырлармен, су асты шөптерімен, теңіздің ұсақ жәндіктерімен қоректенеді екен. -Балалар біздің Зайсан көлінде сазан, бекіре, шортан балықтары бар екен. (Балаларға экраннан балықтарды көрсете отырып таныстыру) Балалар сендер жаратылыс оқу қызметінде балықтың дене құрылысымен танысындар. Балықтың дене мүшелерін атап беріңдерші. -Балалар, балықтардың қандай пайдасы бар деп ойлайсыңдар? -Желбезек, жүзбе қанаттар, қабыршақ. Алтын балық келеді. Алтын балық: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен Алтын балықпын. Менің су патшалығыма сегізаяқ келіп, менің достарымды қорқытып қуып жіберді. Мен жалғыз қалдым. Достарыммен бірге жүргенде ғана сиқырлы күшімді пайдалана аламын. Маған достарымды табуға көмектесіңдерші. -Сәлеметсіз бе, Алтын балық! Төрлете ғой. Біз сенің достарыңды тауып береміз. -Балалар Алтын балыққа көмектесейік пе? Жеке жұмыс. Шаршаған кезде аквариумға қарап отырса шаршағаны басылады екен, жүйкесі тыныштанады. -Балалар, біздің бүгінгі оқу қызметіміз күндегіден ерекше болмақ. Себебі, біз тұрмыста қолданылатын шанышқы, мақта таяқшасы және көкөністің бір түрі- картоппен бастырма әдісі арқылы жұмыс жасайтын боламыз. Сендер сурет салудың қандай әдістерін білесіңдер? Жұмыс барысы: (Үлгіден балаларға көрсету) Бояумен жұмыс жасау ұқыптылықты талап ететін ұмытпайық. -Балалар, ең алдымен көк түспен шанышқының көмегімен толқын сызықтар сызып, көлді жасаймыз. Картоптан ойылған балықтың бейнесін қызыл, көк, жасыл түстермен бастырма әдісі арқылы көлдің ішіне бейнелейміз. Мақта таяқшасымен балықтың көзін саламыз. Сұқ саусақты қоңыр түсті майлы бояуға малып нүктелеу әдісімен тастардың бейнесін саламыз. Қылқаламды пайдаланып жасыл түсті бояумен балдырларды бейнелейміз.</p> <p>Сергіту сәті -Осы баспа әдісі арқылы қазғаз бетіне де, матаға да түсіруге болады. /жұмыс жасау техникасын үйрету, жеке жұмыс жасау/ -Балалар, жұмысты таза, ұқыпты, тиянақты жасау керек. /Аралап жүріп балалар жұмысын бақылау/ -Саусақпен, нүктелер арқылы, сия тамшысын үрлеу немес түтікше арқылы, жіппен, тіс щеткасымен сурет салу. - Балалар жаттығуды қимылмен орындайды. -Балалар дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолданып жұмыс жасайды.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Суретші қай жерден қателесті?» Мақсаты: Балалардың суда тіршілік ететін жануарларды ажырата білуге үйрету. Шарты: экрандағы суретке қарап суретшінің қатесін тауып айтып беру.</p>	<p>Балалар шаттық шеңбер жасайды</p> <p>Балалар жауап береді Балық</p> <p>Балалар мұқият тыңдайды</p> <p>Балалар сергіту сәтін жасайды</p>
<p>Рефлексивтік-түзету</p>	<p>-Балалар бүгінгі оқу қызметінде аквариумда тіршілік ететін қандай балықтармен таныстық? -Балықтар қайда өмір сүреді? -Біз алтын балыққа қалай көмектестік? -Сурет салу барысында қандай құралдарды пайдаландық? -Шанышқының көмегімен ненің суретін салдық? -Картоппен нені бейнеледік? -Саусақпен ненің суретін салдық? -Мақта таяқшасын қалай қолдандық? -Қылқаламмен ненің суретін салдық? Оқу қызметіне белсенді қатысқан балаларды мадақтап, Алтын балық сыйлықтарын таратып бер</p>	<p>Балаларды мақтау мадақтау</p>

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.